



«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамы

**ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес қаржылық
есептілік және**

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық қорытындысы

2025 жылғы 31 желтоқсан

Мазмұны

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

Қаржы жағдайы туралы есеп	1
Пайда немесе залал және өзге де жиынтық табыс туралы есеп	2
Капиталдағы өзгерістер туралы есеп	3
Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп	4

Қаржылық есептілікке ескертпелер

1	Кіріспе	5
2	Қор өз қызметін жүзеге асыратын экономикалық орта	5
2	Қор өз қызметін жүзеге асыратын экономикалық орта (жалғасы)	6
3	Маңызды есеп саясаты	6
4	Есеп саясатын қолданудағы маңызды бағалаулар және пайымдаулар	9
5	Жаңа немесе қайта қаралған стандарттар мен түсіндірселерге көшу	10
6	Жаңа есепке алу ережелері	10
7	Ақша қаражаты және олардың баламалары	11
8	Қаржы мекемелеріндегі қаражат	13
9	Борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар	25
10	Негізгі құралдар	26
11	Шығарылған Борыштық бағалы қағаздар	27
12	Қарыз қаражаты	27
13	Субсидиялау бағдарламалары бойынша міндеттемелер	28
14	Болашақ кезеңдердің кірістері және кредиттік сипаттағы міндеттемелер бойынша резерв	28
15	Акционерлік капитал	30
16	Пайыздық кірістер мен шығыстар	31
17	Таза комиссиялық кірістер	32
18	Қаржы құралдарын нарықтық мөлшерлемелерден төмен мөлшерлемелер бойынша бастапқы тану кезінде туындайтын таза залал	32
19	Жалпы және әкімшілік шығыстар	33
20	Пайдаға салынатын салық	34
21	Қаржылық қызмет нәтижесінде туындайтын міндеттемелерді салыстыру	37
22	Сегменттік талдау	37
23	Қаржы тәуекелдерін басқару	42
24	Шартты және шарттық міндеттемелер	58
25	Әділ құн туралы ақпаратты ашу	62
26	Бағалау санаттары бойынша қаржы құралдарын ұсыну	65
27	Байланысты тараптармен жасалатын операциялар	65
28	Есепті кезең аяқталғаннан кейінгі оқиғалар	69



Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» Акционерлік Қоғамының Акционері мен Директорлар Кеңесіне:

Біздің пікір

Біздің пікірімізше, қаржылық есептілік «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» Акционерлік Қоғамының (әрі қарай – «Қор») 2025 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдайын, сонымен қатар көрсетілген күнге аяқталған жылдағы қаржылық нәтижелері мен ақша қаражатының қозғалысын барлық маңызды жағынан ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес шынайы түрде көрсетеді.

Аудит мәні

Біз Қордың келесілерді қамтитын қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік:

- 2025 жылдың 31 желтоқсандағы қаржылық жағдай туралы есеп;
- көрсетілген күнмен аяқталған жылдағы пайда немесе залал және өзге де жиынтық табыс туралы есеп;
- көрсетілген күнмен аяқталған жылдағы капиталдағы өзгерістер туралы есеп;
- көрсетілген күнмен аяқталған жылдағы ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп; және
- есеп саясаты туралы маңызды ақпарат және өзге де түсініктеме ақпараттан құралған қаржылық есептілік ескертулер.

Пікір білдіру негіздемесі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттар бойынша біздің жауапкершілігіміз бұдан әрі біздің есебіміздің «Аудитордың қаржылық есептілік аудиті бойынша жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған.

Біздің аудиторлық дәлелдер пікір білдіруіміз үшін негіз болуға жеткілікті әрі тиісті деп есептейміз.

Тәуелсіздік

Біз Қазақстан Республикасындағы қаржылық есептіліктің аудитіне қатысты Аудит қызметі туралы заңның этикалық талаптарына сәйкес және Бухгалтерлерге арналған халықаралық әдеп стандарттары кеңесі шығарған Кәсіби бухгалтерлердің қоғамдық мүдделі субъектілердің қаржылық есептілік аудитіне қолданылатын халықаралық әдеп кодексіне (Халықаралық тәуелсіздік стандарттарын қоса алғанда) (БХӘСК кодексі) Компанияға қатысты тәуелсіз болып табыламыз. Біз сондай-ақ Қазақстан Республикасының этикалық талаптарына және БХӘСК кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттемелерімізді орындадық.

Біздің аудит әдістемеміз

Қысқаша шолу

Маңыздылық	Тұтастай алғанда қаржылық есептілігі деңгейіндегі маңыздылығы: 2,649,000 мың теңге, яғни 2025 жылдың 31 желтоқсандағы қаржы мекемелеріндегі қаражат жиынының шамамен 0.8% пайызын құрайды.
Аудиттің негізгі мәселелері	Халықаралық қаржылық есептілігінің стандарты 9 «Қаржы инструменттері» сәйкес басшылық орындаған қаржы мекемелеріндегі қаражаттар мен қаржылық кепілдіктер бойынша болжамалы несиелік шығындарын есептеу үшін провизияларды бағалау.

Аудитті жоспарлау кезінде біз маңыздылықты анықтап, қаржылық есептіліктің маңызды бұрмалану тәуекелдерін бағаладық. Атап айтқанда, біз басшылықтың субъективті пайымдауларына талдау жасадық, мысалы болжамдар жасау және табиғатынан белгісіз болашақ оқиғаларды қарастыруды қамтитын маңызды бухгалтерлік бағалауларна. Басқа аудиттердегідей, біз басшылықтың ішкі бақылау жүйелерін айналып өту қаупін, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, орынсыз әрекеттердің салдарынан елеулі бұрмалану қаупін тудыратын бұрмалаушылық белгілерінің болуын бағалауды қарастырдық.

Біз аудит көлемін тобы пайдаланатын Қордың құрылымын және бақылау құралдарын ескере отырып, сондай-ақ Қор өз қызметін жүзеге асыратын саланың ерекшелігін ескере отырып, тұтастай алғанда қаржылық есептілік туралы өз пікірімізді білдіру үшін жеткілікті көлемде жұмыстарды орындай алатындай етіп айқындадық.

Маңыздылық

Біздің аудит көлемін анықтауда маңыздылықты қолдануымыз әсер етті. Аудитте қаржылық есептілікте елеулі бұрмаланулар болмауына негізделген орынды сенімділікті басшылыққа алады. Бұрмалау алаяқтық немесе қателіктер нәтижесінде пайда болуы мүмкін. Егер олар жеке немесе жиынтықта пайдаланушылардың осы қаржылық есептілік негізінде қабылданатын экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізді түрде болжауға болатын болса, олар маңызды болып саналады.

Кәсіби пайымдауымызға сүйене отырып, біз төмендегі кестеде көрсетілгендей, маңыздылық үшін, оның ішінде Қордың қаржылық есептілігі деңгейінде маңыздылық үшін белгілі бір сандық шекті мәндерді орнаттық. Осы мәндердің көмегімен және сапалық факторларды ескере отырып, біз аудиттің көлемін, сондай-ақ аудиторлық шаралардың сипатын, мерзімдерін және көлемін анықтадық және егер болса (жеке және жиынтықта алынған) бұрмаланулардың тұтастай қаржылық есептілікке әсерін бағаладық.

Тұтастай алғанда Қордың қаржылық есептілігі деңгейіндегі маңыздылық	2,649,000 мың қазақстандық теңге
Біз оны қалай анықтадық	2025 жылдың 31 желтоқсандағы қаржы мекемелеріндегі қаражат жиынының соммасынан шамамен 0.8% мөлшерінде
Маңыздылық деңгейін анықтау үшін қолданылған базалық көрсеткіштің негіздемесі	Қор мемлекеттік даму институты болып табылады. Қордың стратегиялық бағыттары – ісін жаңа бастаған және бизнесі бар кәсіпкерлерді қолдау және дамыту, сондай-ақ Қордың тұрақты институционалды дамуы. Табыстылық Қордың және оның басшылығының негізгі мақсаты емес. Сондықтан маңыздылықты анықтаудың ең қолайлы базасы қаржы мекемелеріндегі қаражат жиынының болып табылады деген қорытындыға келдік. Бастапқы көрсеткіш ретінде шамамен 0.8% таңдалды, себебі бұл көрсеткіш маңыздық деңгейіне тең.

Аудиттің негізгі мәселелері

Аудиттің негізгі мәселелері – бұл, біздің кәсіби пайымдауымызға сәйкес, ағымдағы кезеңдегі қаржылық есептілік аудиті үшін ең маңызды болып табылатын мәселелер. Бұл мәселелер тұтастай алғанда қаржылық есептілік аудиті аясында және осы есеп беру туралы пікірімізді қалыптастыру кезінде қарастырылды және біз бұл мәселелер бойынша жеке пікір білдірмейміз.

Халықаралық қаржылық есептілігінің стандартына 9 «Қаржы инструменттері» сәйкес басшылық орындаған қаржы мекемелеріндегі қаражаттар бойынша болжамалы несиелік шығындарын есептеу үшін провизияларды бағалау.

Біз өз назарымызды осы салаға аударғанымыздың бас себептерін бірі, қаржы мекемелеріндегі қаражаттардың және қаржылық кепілдіктердің көлемді болуынан, және ХҚЕС (IFRS) 9 қаржылық есептілік саласында күрделі стандарт болып саналады.

Қор болжамалы несиелік шығындар жеке негізде бағалады. Бағаланды несиелік тәуекелдің параметрлеріне дефолт ықтималдығы, дефолтқа байланысты шығындар және тәуекелге ұшыраған сомалар жатады.

Негізгі талқылау бағыттары:

- ХҚЕС (IFRS) 9 сәйкес, қаржы мекемелеріндегі қаражаттарын кезеңдер бойынша бөлу;
- Негізгі тәуекелдер параметрлерін бағалау үшін пайдаланылатын бухгалтерлік түсіндірулер мен модельдеу жорамалдары - дефолттың ықтималдығы, дефолтқа байланысты шығын және тәуекелге ұшыраған сомалар (мысалы, сыртқы рейтингі болмағандықтан Қор өз таңдаған ішкі рейтингті қолданады);
- Болжамалы несиелік шығындарды есептеу үшін пайдаланылатын деректердің толықтығы мен дәлдігі;
- Қаржылық есептіліктегі есептеулердің ашылуының дәлдігі мен жеткіліктілігі. Қаржылық есептіліктің келесі ескертпелерінде: 4, 8, 23 есеп саясаты, критикалық есеп бағалаулары мен пайымдаулар, несиелелендіру шығындарына қатысты тәуекелдерді болжалау және провизияларды құру, басқа қаржы мекемелеріндегі қаражаттар туралы ақпарат табуға болады.

Қаржы мекемелеріндегі қаражаттар бойынша болжамалы несиелік шығындарына байланысты провизия бағалау кезінде, басқа нәрселерімен қатар, келесі аудиторлық рәсімдерді орындадық:

- Біз ХҚЕС (IFRS) 9 талаптарына сәйкес Қор дайындаған болжамалы несиелік шығындарына провизия есептеу әдістемелер мен модельдерді қарастырдық және олардың өткен жылы қолданылған модельдерге сәйкестігін қарастырдық. Біз өз назарымызды келесі әдістемелерге аудардық: дефолт параметрлерін анықтау, несиелік тәуекелдің едәуір ұлғаюына себеп факторларды анықтау, несиелерді кезеңдер бойынша іріктеу және негізгі тәуекел көрсеткіштерін бағалау.
- Талдау негізінде тәуекелдер профилін, кредиттік тәуекелді және макроэкономикалық жағдайды ескере отырып, олардың жарамдылығын анықтау үшін болжамалы несиелік шығындар бойынша провизиялардың деңгейіне жеке бағалау жүргіздік. Бұған қаржылық нәтижелерді талдау және пруденциалдық нормаларға сәйкестік, ресми жаңалықтарды және мониторинг пен тәуекелдерді басқару бойынша есептерді тексеру және болжамалы несиелік шығындар бойынша есептеулерінің дұрыстығын шолу жатады.
- Талдау негізінде сыртқы рейтингтері жоқ қарыз алушыларға арналған иегер компаниясының рейтингін қолданудың орындылығын бағаладық. Иегер компанияның несиелік рейтингі болмаған жағдайда, біз рейтингті қаржы институтының қолда бар қаржылық ақпараты негізінде бағаладық.
- Деректердің сапасын талдау негізінде тексеру үшін бастапқы деректерді тексеру арқылы болжамалы несиелік шығындарды есептеуде пайдаланылған деректерді тексердік. Оның ішінде қаржылық есеп дайындалған күндегі қарыз мөлшері, өтеу кестелері, сыртқы несиелік рейтингтері, төлем тәртібі және макроэкономикалық көрсеткіштер.
- Біз дефолт ықтималдығы мен дефолт кезіндегі шығынның қолданылған көрсеткіштерінің дұрыстығын тексердік.
- Біз болжамалы несиелік шығындардың және несиелік тәуекелдердің ескертпелері ХҚЕС 7 және ХҚЕС 9 талаптарына сәйкес дайындалғанын тексердік.

Халықаралық қаржылық есептілігінің стандартына 9 «Қаржы инструменттері» сәйкес басшылық орындаған қаржылық кепілдіктер бойынша болжамалы несиелік шығындарын есептеу үшін провизияларды бағалау.

Қор банктерге кепілдік беру арқылы қарыз алушылардың несиеге қол жеткізуін жеңілдеті отырып, кепілгер ретінде әрекет етеді. Бұл модельмен байланысты негізгі тәуекел қарыз алушының дефолт мүмкіндігі болып табылады. Қарыз алушы банк алдындағы қарыздарын өтеу бойынша өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда банк Қор берген кепілдіктің орындалуын талап етуге құқылы. Демек, Қор қарыз алушының төлем қабілеттілігіне байланысты несиелік тәуекелді өз мойнына алады.

Біз өз назарымызды осы салаға аударғанымыздың бас себептерін бірі, қаржы мекемелеріндегі қаражаттардың және қаржылық кепілдіктердің көлемді болуынан, және ХҚЕС (IFRS) 9 қаржылық есептілік саласында күрделі стандарт болып саналады.

Қор қаржылық кепілдіктер бойынша болжамалы несиелік шығындарын ұжымдық негізде бағалады.

Негізгі талқылау бағыттары:

- ХҚЕС (IFRS) 9 сәйкес, қаржылық кепілдіктерін кезеңдер бойынша бөлу;
- Негізгі тәуекелдер параметрлерін бағалау үшін пайдаланылатын бухгалтерлік түсіндірулер мен модельдеу жорамалдары - дефолттың ықтималдығы, дефолтқа байланысты шығын және тәуекелге ұшыраған сомалар;
- Болжамалы несиелік шығындарды есептеу үшін пайдаланылатын деректердің толықтығы мен дәлдігі;
- Қаржылық есептіліктегі есептеулердің ашылуының дәлдігі мен жеткіліктілігі. Қаржылық есептіліктің келесі ескертпелерінде: 4 және 24 есеп саясаты, критикалық есеп бағалаулары мен пайымдаулар, несиелелендіру шығындарына қатысты тәуекелдерді болжалау және провизияларды құру, басқа қаржылық кепілдіктер туралы ақпарат табуға болады.

Біз ХҚЕС (IFRS) 9 талаптарына сәйкес Қор дайындаған болжамалы несиелік шығындарына провизия есептеу әдістемелер мен модельдерді қарастырдық және олардың өткен жылы қолданылған модельдерге сәйкестігін қарастырдық. Біз өз назарымызды келесі әдістемелерге аудардық: дефолт параметрлерін анықтау, несиелік тәуекелдің едәуір ұлғаюына себеп факторларды анықтау, қаржылық кепілдіктерін кезеңдер бойынша іріктеу және негізгі тәуекел көрсеткіштерін бағалау.

Қаржылық кепілдіктер бойынша болжамалы несиелік шығындарына байланысты провизия бағалау кезінде, басқа нәрселерімен қатар, келесі аудиторлық рәсімдерді орындадық:

- Қордың әдістемесінде анықталған, мерзімі өткен күндер және қайта құрылымдау сияқты критерийлерге сәйкес несиелік құнсыздану моделінің кезеңдері бойынша қаржылық кепілдіктерді бөлуді бағалау.
- Тарихи деректерді пайдалана отырып, дефолтты болжау және дефолт кезіндегі шығындарды бағалау үшін қормен пайдаланатын үлгілерді бағалау.
- Іріктеу негізінде біз болжамалы несиелік шығындарды есептеуде қолданалатын ақпаратты тексердік: мерзімі өткен күндер, қайта құрылымдау, төленген кепілдіктер сомасы, бұрын төленген кепілдіктер бойынша өтеу сомасы, дефолт ықтималдығын реттеу үшін пайдаланылатын макропараметрлер.
- Болжамалы несиелік шығындардың есептеулерінің дұрыстығын тексердік.
- Ретроспективті талдау жүргізу, қаржылық кепілдік төлемдерінің нақты сомаларымен болжамалы несиелік шығындардың провизиясындағы өзгерістерді салыстыру.

Біз болжамалы несиелік шығындардың және несиелік тәуекелдердің ескертпелері ХҚЕС 7 және ХҚЕС 9 талаптарына сәйкес дайындалғанын тексердік.

Өзге ақпарат

Басшылық өзге ақпарат үшін жауапты. Өзге ақпарат аудиторлық есеп шығару күнінен кейін бізге беріледі деп күтілетін жылдық есепті (бірақ қаржылық есептілігін және осы есептілік бойынша біздің аудиторлық пікірімізді қоспағанда) қамтиды.

Қаржылық есептілік туралы біздің пікіріміз өзге ақпаратқа қолданылмайды және біз осы ақпаратқа қатысты қандай да бір нысанда сенім білдіретін қорытынды шығармаймыз.

Біздің қаржылық есептілік аудитін жүргізуімізге байланысты біздің міндетіміз, ақпаратты алған кезде, жоғарыда көрсетілген өзге ақпаратпен танысу және өзге ақпарат пен қаржылық есептілік немесе аудит жүргізу барысында алған біздің білім арасында елеулі сәйкессіздік болуы және өзге ақпаратта басқа ықтимал маңызды бұрмаланулар болуы туралы мәселені қарау болып табылады.

Егер жылдық есеппен танысқан кезде оның құрамында елеулі бұрмалаушылық бар деген қорытындыға келсек, оны корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалардың назарына жеткізуіміз керек.

Басшылықтың және корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалардың қаржылық есептілікке жауапты тұлғалардың жауапкершілігі

Басшылық осы қаржылық есептіліктің ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес дайындалуы мен әділ ұсынылуы үшін және алаяқтық немесе қателік салдарынан елеулі бұрмаланулар жоқ қаржылық есептілікті дайындауға қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапты.

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Қордың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалауға, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтерді ашуға және басшылық Қорды таратуға, оның қызметін тоқтатуға ниеттенген немесе оның қызметін таратудан немесе тоқтатудан басқа қандай да бір нақты баламасы болмаған жағдайларды қоспағанда, қызметтің үздіксіздігі туралы жорамал негізінде есептілік жасауға жауапты.

Корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалар Қордың қаржылық есептілігін дайындалуын қадағалауға жауапты.

Аудитордың қаржылық есептілік аудиті үшін жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз қаржылық есептілікте алаяқтық немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмалаулар жоқ екендігіне ақылға қонымды сенімділіктің болуы және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық қорытынды шығару болып табылады. Ақылға қонымды сенімділік – бұл жоғары деңгейдегі сенімділікті білдіреді, бірақ ол ХАС-қа сәйкес жүргізілген аудит маңызды бұрмалаулар болған жағдайда оларды әрқашан анықтайтындығына кепілдік бермейді. Бұрмалау алаяқтық әрекеттердің немесе қателіктердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке немесе

жиынтығында пайдаланушылардың осы қаржылық есептілік негізінде қабылданатын экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізді түрде болжауға болатын болса, маңызды болып есептеледі.

ХАС-қа сәйкес жүргізілетін аудит аясында біз кәсіби пайымдауды қолданамыз және бүкіл аудит барысында кәсіби күдікшілікті сақтаймыз. Сонымен қатар, біз келесі әрекеттерді орындаймыз:

- алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және жүргіземіз; біздің пікірімізді білдіруге негіз болу үшін жеткілікті және тиісті болып табылатын аудиторлық дәлелдемелерді аламыз. Алаяқтық әрекеттер нәтижесінде елеулі бұрмалануды анықтамау тәуекелі қателік нәтижесінде елеулі бұрмалануды анықтамау тәуекелінен жоғарырақ, себебі алаяқтық әрекеттер сөз байласуды, жалғандықты, қасақана өткізіп жіберуді, ақпаратты бұрмалап ұсынуды немесе ішкі бақылау жүйесінен тыс іс-әрекеттерді қамтуы мүмкін;
- Қордың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес, мән-жайларға сәйкес келетін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесі туралы түсінік аламыз;
- қолданылған есеп саясатының тиісті сипатын және басшылық есептеген бағалау мәндерінің негізділігін және ақпараттың тиісті ашылуын бағалаймыз;
- біз басшылықтың есеп жүргізу үшін үздіксіз қызмет негізін қолдануының орындығы туралы қорытынды жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдердің негізінде Қордың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетіне айтарлықтай күмән тудыруы мүмкін оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты айтарлықтай белгісіздік бар ма деген қорытынды жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздіктің бар екендігі туралы қорытындыға келсек, біз аудиторлық есепте шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі ақпаратты тиісті түрде ашуға назар аударуымыз керек немесе, егер мұндай ақпаратты ашу тиісті түрде болмаса, пікірімізді өзгертуге тиістіміз. Біздің тұжырымдарымыз аудиторлық есеп жасалған күнге дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда, болашақ оқиғалар немесе жағдайлар Қордың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін жоғалтуына әкелуі мүмкін;
- тұтастай алғанда, қаржылық есептіліктің ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын, оның ішінде ақпаратты ашуды, сондай-ақ қаржылық есептіліктің оның негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды олардың дұрыс ұсынылуын қамтамасыз ету үшін бақылаймыз.

Біз корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалармен өзара ақпараттық қатынастар жасаймыз, оларға өзге ақпараттан бөлек, жоспарланған аудиттің көлемі мен мерзімдерін, сондай ақ, аудит нәтижесінде туындаған маңызды ескертпелер туралы, оның ішінде, аудит барысында айқындалған ішкі бақылаудың маңызды жетіспеушіліктері туралы мәлімет береміз.

Біз сондай-ақ корпоративтік басқаруға жауапты тұлғаларға тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті этикалық талаптарды сақтағанымыз және осы адамдарға аудитордың тәуелсіздігіне негізді түрде ықпал ететін барлық өзара қатынастар мен өзге де мәселелер туралы, ал қажет болған жағдайларда тиісті сақтық шаралары туралы хабардар еткеніміз туралы мәлімдемені ұсынамыз.

Корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалардың назарына жеткізген мәселелердің ішінен біз ағымдағы кезеңдегі қаржылық есептілік аудиті үшін ең маңызды, сондықтан аудиттің негізгі мәселелері болып табылатын мәселелерді анықтаймызды. Біз бұл мәселелерді аудиторлық есебімізде сипаттаймыз, оларға осы мәселелер туралы ақпаратты жария етуге заңмен немесе нормативтік актімен тыйым салынған кезде немесе өте сирек жағдайларда қандай да бір мәселе туралы ақпарат біздің есепте хабарланбауы керек деген қорытындыға келгенде, мұндай ақпаратты хабарлаудың теріс салдары оның хабарламасының қоғамдық маңызды пайдасынан асып түседі деп негізді түрде болжауға болады деген жағдайлар кірмейді.

Аудиттің жауапты жетекшісі және бұл тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебін шығарған – Сухраб Азимов.

«ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС атынан

PricewaterhouseCoopers

Бекітілді:

А.К.С.Т.Б.Е.В.

Азамат Конратбаев
Басқарушы директор
«ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС
(Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрлігінің 1999 жылғы 21 қазандағы
№00000005 Бас мемлекеттік лицензиясы)



Қол қойылды



Светлана Белокурова
Орындаушы аудитор
(1998 жылдың 21 ақпандағы
№00000357 Аудитордың
біліктілік куәлігі)

2026 жылғы 5 наурыз


Алматы, Қазақстан

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Қаржы жағдайы туралы есеп

(мың қазақстандық теңгеммен)		Ескерт.	2025 ж. 31 желтоқсан	2024 ж. 31 желтоқсан (қайта қаралды)	2024 ж. 1 қантар (қайта қаралды)
АКТИВТЕР					
Ақша қаражаты және олардың баламалары	7		167,176,538	124,564,933	124,974,982
Қаржы мекемелеріндегі қаражат	8		331,215,602	272,460,978	263,174,945
Субсидиялау бағдарламалары бойынша дебиторлық берешек			50,498	55,643	136,338
Борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар	9		4,314,369	7,503,801	5,692,121
Клиенттерге кредиттер мен аванстар			295,945	668,723	1,214,754
Ағымдағы салық міндеттемелерін алдын ала төлеу	20		5,141,745	4,591,763	2,075,575
Өзге қаржы активтері			106,080	68,504	70,011
Кейінге қалдырылған салық активі	20		14,797,473	4,882,438	2,882,290
Негізгі құралдар	10		2,589,212	2,495,709	2,051,605
Материалдық емес активтер			296,074	229,715	264,471
Өзге активтер			263,753	396,220	1,005,500
Сатуға арналған айналымнан тыс активтер			113,352	131,295	28,347
АКТИВТЕР ЖИЫНЫ			526,360,641	418,049,722	403,570,939
МІНДЕТТЕМЕЛЕР					
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	11		2,774,574	1,035,039	1,035,039
Қарыз қаражаты	12		156,595,123	145,752,836	138,905,952
Субсидиялау бағдарламалары бойынша міндеттемелер	13		6,360,991	10,970,035	2,972,435
Болашақ кезеңдердің кірістері және кредиттік сипаттағы міндеттемелер бойынша резервтер	14		131,048,517	69,844,640	68,393,748
Өзге қаржы міндеттемелері			1,485,394	1,030,012	294,217
Өзге міндеттемелер			902,384	694,467	595,648
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ			299,166,983	229,327,029	212,197,039
КАПИТАЛ					
Акционерлік капитал	15		168,350,673	102,920,273	102,920,273
Қосымша төленген капитал			8,648,785	8,648,785	10,735,627
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздарды қайта бағалау қоры			(123,440)	(254,287)	(363,647)
Өзге де резервтер			316,430	316,430	316,430
Бөлінбеген пайда			50,001,210	77,091,492	77,765,217
КАПИТАЛ ЖИЫНЫ			227,193,658	188,722,693	191,373,900
МІНДЕТТЕМЕЛЕР МЕН КАПИТАЛ ЖИЫНТЫҒЫ			526,360,641	418,049,722	403,570,939

2026 жылғы 5 наурызда шығарылым үшін бекітілді және Басқарма атынан қол қойылды.

Мустафин Арсен
Басқарма Төрағасының Орынбасары.



Ақмарал Бекмуратова
Бас бухгалтер

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ
Пайда немесе шығындар және өзге де Жиынтық табыс туралы есеп

(мың қазақстандық теңгемен)	Ескер.	2025 ж.	2024 ж. (қайта қаралды)
Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі бойынша есептелген пайыздық кірістер	16	58,459,681	40,909,869
Басқа да ұқсас кірістер	16	6,948	6,934
Пайыздық шығыстар	16	(11,373,022)	(10,448,361)
Таза пайыздық маржа және ұқсас кірістер		47,093,607	30,468,442
Кредиттік залал бойынша бағалау резервтері	7-9	4,384,089	2,058,641
Кредиттік залал бойынша бағалау резервтерін жасағаннан кейінгі таза пайыздық маржа және кейінгі ұқсас кірістер		51,477,696	32,527,083
Таза комиссиялық кірістер	17	41,998,240	31,607,244
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтерін тануды тоқтатудан болған шығыстарды шегергендегі кірістер		871,390	735,199
Қаржы құралдарын нарықтан төмен мөлшерлемелер бойынша бастапқы тану кезінде туындайтын таза шығыстар	18	(31,012,197)	(17,949,780)
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздардан түскен кірістерді шегергендегі кірістер		14,487	4,972
Шетел валютасымен операциялар бойынша кірістерді шегергендегі шығыстар		-	(44)
Шетел валютасын қайта бағалаудан болған кірістерді шегергендегі шығыстар		(134,582)	473,694
Өзге активтердің құнсыздануына резервке аударымдар		(5,529)	(8,833)
Кредиттік сипаттағы міндеттемелер бойынша резервке аударымдар	24	(18,876,322)	(6,028,016)
Басқа да операциялық кірістер		85,625	94,227
Қордың бағдарламаларын іске асыру бойынша шығыстар	19	(3,922,395)	(2,252,049)
Жалпы және өкімшілік шығыстар	19	(7,181,855)	(7,155,733)
Салық салуға дейінгі пайда		33,314,558	32,047,963
Пайдаға салынатын салық бойынша шығыстар	20	(14,551,820)	(5,707,276)
ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ПАЙДА		18,762,738	26,340,687
Өзге жиынтық кіріс:			
Кейіннен пайда немесе залал құрамына қайта жіктелуі мүмкін баптар:			
Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар:		130,847	109,360
Жыл ішіндегі өзге де жиынтық кіріс		130,847	109,360
ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ЖИЫНТЫҚ КІРІС ЖИЫНЫ		18,893,585	26,450,047

Екі кезеңдегі пайдасы мен жиынтық кірістің жалпы сомасы толық мөлшерде Қордың акционеріне тиесілі болады.

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ
Капиталдағы өзгерістер туралы есеп

	Акционерлік капитал	Қосымша төленген капитал	Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздарды қайта бағалау қоры	Өзге резервтер	Бөлінбеген пайда	Жиыны
(мың қазақстандық теңгемен)						
2024 ж. 1 қаңтардағы қалды	102,920,273	10,735,627	(363,647)	316,430	86,963,526	200,572,209
Есеп саясатына ерікті өзгерістер	-	-	-	-	(9,198,309)	(9,198,309)
2024 ж. 1 қаңтардағы қалдық (қайта қаралды)	102,920,273	10,735,627	(363,647)	316,430	77,765,217	191,373,900
Жыл ішіндегі кіріс	-	-	-	-	26,340,687	26,340,687
Депозит бойынша дисконт	-	(2,086,842)	-	-	-	(2,086,842)
Өзге жиынтық кіріс	-	-	109,360	-	-	109,360
Жыл ішіндегі жиынтық кіріс жиыны	-	(2,086,842)	109,360	-	26,340,687	24,363,205
Жарияланған дивидендтер	-	-	-	-	(27,014,412)	(27,014,412)
2025 ж. 1 қаңтардағы қалдық (қайта қаралды)	102,920,273	8,648,785	(254,287)	316,430	77,091,492	188,722,693
Жыл ішіндегі кіріс	-	-	-	-	18,762,738	18,762,738
Көйінге қалдырылған кірісті шегергенде, акцияларды шығаруға байланысты мемлекеттік бағдарламаға арналған қарыз бойынша міндеттемелерді тану	-	-	-	-	(42,976,090)	(42,976,090)
Өзге жиынтық кіріс	-	-	130,847	-	-	130,847
Бағалы қағаздарды сатудан кіріс	-	-	-	-	15,963,084	15,963,084
Жыл ішіндегі жиынтық кіріс жиыны	-	-	130,847	-	(8,250,268)	(8,119,421)
Капиталға жарналар (акцияларды шығару)	65,430,400	-	-	-	-	65,430,400
Жарияланған дивидендтер	-	-	-	-	(18,840,014)	(18,840,014)
2025 ж. 31 желтоқсандағы қалдық	168,350,673	8,648,785	(123,440)	316,430	50,001,210	227,193,658

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ
Ақша Қаражаттарының Қозғалысы туралы Есеп

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	Ескер.	2025 ж.	2024 ж.
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражаттары:			
Алынған пайыздар		38,894,751	26,977,625
Төленген пайыздар		(450,708)	(451,082)
Алынған комиссиялар		51,759,019	34,840,391
Төленген комиссиялар		(185,191)	(74,927)
Өзге операциялық қызметтен түскен түсімдер		991,851	67,512
Еңбекке ақы төлеу бойынша төленген шығындар		(4,838,133)	(4,197,496)
Төленген жалпы және әкімшілік шығыстар		(6,223,959)	(5,025,698)
Төленген пайдаға салынатын салық		(10,672,225)	(7,004,316)
		69,275,405	45,132,009
Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістерге дейін операциялық қызметтен алынған ақша қаражаты			
<i>Таза (өсім)/төмендеу:</i>			
- қаржы мекемелеріндегі қаражаттар бойынша		(219,503,301)	(24,730,083)
- клиенттерге кредиттер мен аванстар бойынша		4,033,109	2,419,327
- өзге де қаржы активтері бойынша		(15,840,521)	(14,120,279)
- өзге де активтер бойынша		(458,197)	532,170
<i>Таза өсім/(төмендеуі):</i>			
- басқа қаржылық міндеттемелер (субсидиялау бағдарламалары бойынша міндеттемелер) бойынша		3,228,512	14,732,691
- өзге де міндеттемелер бойынша		401,957	146,604
Таза ақша қаражаты (пайдаланылған) / операциялық қызметтен алынған		(158,863,036)	24,112,439
Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражаты			
Инвестициялық бағалы қағаздарды сатып алу		(1,300,000)	(3,075,000)
Инвестициялық бағалы қағаздарды сатудан және өтеуден түскен түсімдер		35,209,859	6,763,816
Негізгі құралдарды сатып алу		(79,129)	(245,556)
Материалдық емес активтерді сатып алу		(145,590)	(66,407)
Сату үшін активтерді өткізуден түскен түсімдер		92	2,480
Инвестициялық қызметтен алынған таза ақша қаражаты		33,685,232	3,379,333
Қаржы қызметінен түскен ақша қаражаты			
Қарыз қаражатын алу		80,743,442	4,590,000
Қарыз қаражатын өтеу		(9,251,301)	(5,206,741)
Акциялар эмиссиясынан басқа, акционердің өзге жарналар		65,430,400	-
Шығарылған борыштық бағалы қағаздарды өтеу		50,000,000	-
Ұзақ мерзімді жалға алуды өтеу		(294,259)	(281,099)
Төленген дивидендтер		(18,840,014)	(27,014,412)
Қаржы қызметінде алынған / (пайдаланылған) таза ақша қаражаты		167,788,268	(27,912,252)
Айырбас бағамы өзгерістерінің ақша қаражатына және олардың баламаларына әсер		1,125	(834)
Құнсыздануға резерв өзгерістерінің ақша қаражатына және олардың баламаларына әсері		16	11,265
Ақша қаражатының және олардың баламаларының таза төмендеуі		42,611,605	(410,049)
Кезең басындағы ақша қаражаттары мен олардың баламалары	7	124,564,933	124,974,982
Кезең соңындағы ақша қаражаты және олардың баламалары	7	167,176,538	124,564,933

5-69-ға дейінгі беттердегі ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігін құрайды.

1 Кіріспе

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі «Қор», «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 26 сәуірдегі № 665 қаулысына сәйкес құрылды. Қор Қазақстан Республикасының аумағында шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуды қолдау жөніндегі даму институты ретінде қаржылық қызмет көрсететін акционерлік қоғам ретінде тіркелген және өз қызметін жүзеге асырады.

2025 және 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қордың 100% акционері «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ (бұдан әрі – «Бас компания» немесе «Жалғыз акционер»). «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ 2025 жылғы 30 желтоқсанда мемлекеттік қайта тіркеуді жүргізіп, «Бәйтерек» ұлттық инвестициялық холдингі» акционерлік қоғамы атауымен қызметін жалғастырды. Қордың түпкілікті акционері Қазақстан Республикасының Үкіметі. Байланысты тараптармен жасалатын операциялар бойынша ақпарат 30-шы ескертпеде көрсетілген.

Негізгі қызметі. Қордың негізгі қызметі - екінші деңгейдегі банктер, микроқаржы ұйымдары және лизингтік компаниялар арқылы кредиттеу бағдарламалары шеңберінде қаржыландыру, пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау, кепілдік беру, консультациялық қолдау, ақпараттық-талдау материалдарын тарату. Қор Қазақстандағы шағын және орта бизнесті қаржыландыру үшін жеке және қарыз қаражатын пайдаланады.

Қордың 20 аймақтық филиалы бар. Бас кеңсесі Қазақстанның Алматы қаласында орналасқан. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қорда 451 қызметкер (2024 жыл: 435 қызметкер) жұмыспен қамтылды.

Тіркелген мекенжайы және қызмет жүргізу орны. Қор Қазақстан Республикасы, Алматы, Гоголь көшесі, 111 мекенжайы бойынша тіркелген.

Есептілікті табыс ету валютасы. Егер өзгеше көрсетілмесе, осы қаржылық есептілік Қазақстандық теңгемен берілген.

2 Қор өз қызметін жүзеге асыратын экономикалық орта

Ресей мен Украина арасындағы соғыс

Ағымдағы саяси жағдайдың ұзақ мерзімді салдары мен оның экономикалық жағдайға ықпалын болжау қиын, басшылықтың қазіргі болжамдары мен бағалауы нақты нәтижеден ерекшеленуі мүмкін.

Операциялық орта.

2025 жылғы шілдеде Fitch Ratings халықаралық рейтинг агенттігі Қазақстан эмитентінің шетел валютасындағы ұзақ мерзімді дефолт рейтингін (IDR) тұрақты болжаммен «BBB» деңгейінде растады. Fitch пікірі бойынша, Қазақстанның «BBB» рейтингі мемлекеттің ірі таза сыртқы активтерімен (SNFA), шетел валютасындағы резервтерімен, мемлекеттік борыштың төмен деңгейімен, алтын бағасының өсуімен және күтілген өндіріс көлемінен жоғары Теңіз мұнай кен орнының кеңеюімен қолдау табады. Алайда бұл факторларға шикізат экспортына жоғары тәуелділік, әлсіз макроэкономикалық саясат пен институционалдық басқару, сондай-ақ жоғары инфляция ықпал етеді.

Қазақстан тауар экспортының 80%-ын құрайтын шикізат тауарлары экспортына бұрынғыдай айтарлықтай тәуелді болып қала береді. Көмірсутектердің өзі тауар экспортының 50%-дан астамын құрайды, олардың басым бөлігі Каспий құбыржол консорциумы (КҚК) бойынша Ресей арқылы жеткізіледі. КҚК реттеушілік және қауіпсіздік мәселелеріне байланысты белгілі бір іркілістерге ұшырады, алайда Қазақстанның Ресеймен және Батыспен қарым-қатынастарды шебер басқаруын ескере отырып, КҚК арқылы экспортта ірі ауқымды іркілістер тәуекелі төмен деп бағаланады.

Тұтастай алғанда, Қазақстан Республикасының экономикасы дамушы нарықтарға тән кейбір тән ерекшеліктерді көрсетуді жалғастыруда. Бұл ерекшеліктерге, бірақ олармен шектелмей, елден тыс жерлерде еркін айырбасталмайтын ұлттық валютаның болуы және нарықтарда борыштық және үлестік бағалы қағаздар өтімділігінің төмен деңгейі жатады.

2 Қор өз қызметін жүзеге асыратын экономикалық орта (жалғасы)

Осы қаржылық есептілік жасалған күніндегі жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми айырбас бағамы 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 1 АҚШ доллары үшін 502,57 теңгемен салыстырғанда 1 АҚШ доллары үшін 499,83 теңгені құрады (2024 жылғы 31 желтоқсанда: 1 АҚШ доллары үшін 523,54 теңге).

Инфляция деңгейі 2025 жыл ішінде салыстырмалы түрде тұрақты болды және 2024 жылғы 8,6%-бен салыстырғанда 2025 жылғы желтоқсанда 12,3%-ды құрады. 2025 жылы экономиканың өсуі 2024 жылғы 3,8% - бен салыстырғанда 6,4% -ға дейін ұлғайды. Аналитиктер 2026 жылы ЖІӨ өсімі 6,2% деңгейінде сақталады деп болжап отыр.

Экономикалық орта Қордың қызметі мен қаржылық жағдайына едәуір әсер етеді. Басшылық Қордың тұрақты қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті шараларды қабылдайды. Алайда, қалыптасқан экономикалық жағдайдың болашақтағы салдарын болжау қиын және басшылықтың ағымдағы болжамдары мен бағалаулары нақты нәтижелерден ерекшеленуі мүмкін.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасындағы қаржы секторы бұрынғыдай саяси, заңнамалық, фискалды және реттеуші өзгерістердің ықпалына тәуелді. Қазақстан Республикасындағы болашақ экономикалық тұрақтылықтың перспективалары көбінесе Үкімет қабылдайтын экономикалық шаралардың тиімділігіне, сондай-ақ Қордың бақылауынан тыс құқықтық және саяси өзгерістерге байланысты.

3 Маңызды есеп саясаты

Осы қаржылық есептілік ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарына (бұдан әрі мәтін бойынша - «ХҚЕС») сәйкес әзірленген.

Осы қаржылық есептілік әділ құн бойынша қаржы құралдарын бастапқы тануға және пайда немесе залап арқылы әділ құн бойынша және басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдарын қайта бағалауға түзетумен тарихи құн бойынша есепке алу қағидалары негізінде дайындалған. Осы қаржылық есептілікті жасау кезінде қолданылатын есеп саясаты төменде келтірілген. Бұл қағидалар, егер басқасы көрсетілмесе, ұсынылған барлық кезеңдерге кезекті қолданылды (5- ескертпе).

Осы қаржылық есептілік меншікті капиталды есеп беретін тұлғаға ұсынатын немесе кредиттейтін инвесторлар болып табылатын негізгі пайдаланушыларға арналған. Осы қаржылық есептілікте негізгі пайдаланушылардың іскерлік және экономикалық қызмет туралы ақылға қонымды білімі бар және ақпаратты тиісті түрде тексеріп, қарап шықты деп болжанады. Кейде тіпті білімді және мұқият пайдаланушылар осы қаржылық есептілікте көрсетілген күрделі экономикалық ақпаратты түсіну үшін кеңесшінің көмегіне мұқтаж болуы мүмкін.

Осы қаржылық есептіліктің мақсаты басшылық өзінің негізгі пайдаланушылары үшін маңызды деп санайтын ақпаратты ғана ашу болып табылады. Басшылық маңызды ақпаратты маңызды емес ақпаратпен жасырып, осы қаржылық есептіліктің түсініктілігіне нұқсан келтірмеуге тырысады. Тиісінше, тек маңызды есеп саясаты, сәйкесінше, ақпаратты ашу туралы қолданыстағы ескертпелерде ашылады.

Есеп саясатындағы өзгерістер

Салыстырмалы ақпарат Қордың муниципалдық органдардан тартылған қаражатты және «Нүктелі аймақтық бағдарлама — НАБ» бағдарламасы мен 2017–2021 жылдарға арналған «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде берілген кредиттерді бастапқы тану және кейінгі бағалау жөніндегі есеп саясатына енгізілген өзгерістерге байланысты қайта қаралды. Екі бағдарлама да муниципалдық органдар жүзеге асыратын төмен пайыздық мөлшерлеменен ұзақ мерзімді қаржыландыруды көздейді. Әрбір өңірде қолжетімді қаражат көлемі тиісті өңірлердегі кәсіпкерлерді қолдау үшін муниципалдық органдарға және бюджет қаражатының болуына байланысты айқындалады.

ХҚЕС (IFRS) 9 стандарты амортизацияланған құны бойынша танылатын барлық қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер бастапқыда әділ құны бойынша бағалануға тиіс екенін талап етеді. ХҚЕС (IFRS 13) стандарты әділ құнды бағалау күні негізгі нарықта, ал ол болмаған жағдайда неғұрлым тиімді нарықта қалыпты мәміле барысында активті сату кезінде алынатын немесе міндеттемені беру кезінде төленетін баға ретінде айқындайды.

3 Маңызды есеп саясаты (жалғасы)

Жоғарыда аталған бағдарламаларды іске асыру үшін тартылған қарыз қаражаттарының номиналды құны 2024 жылы бұл қарыз қаражаттары жеке нарықтық сегментті білдіреді деген болжамға сүйене отырып, шамамен әділ құн ретінде есептелді. Қор қарыз алу талаптарында клиенттерге төмен пайыздық мөлшерлемелермен кредиттер беру міндеттемесі көзделгенін, осылайша қарыз қаражаттары бойынша төмен пайыздық мөлшерлемелердің артықшылығы өтелетінін ескере отырып, әділ құнды қарыз қаражаттары бойынша номиналды пайыздық мөлшерлемелер негізінде есептеді. Жоғарыда аталған бағдарламалар шеңберінде берілген кредиттер өздерінің бірегей сипаты мен талаптарына байланысты Қормен сатылмайды және сатылмайтын болады. Әділ құнды айқындау үшін қолжетімді ең үздік ақпарат бастапқы нарық, яғни кредиттер берілетін нарық болып табылады. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қор бастапқы әділ құнды мәміле бағасына сәйкес деп бағалады.

Қор бағдарламалардың есебін өзінің бас компаниясының есеп саясатына сәйкестендіру мақсатында муниципалдық органдардан алынған қарыз қаражаттары мен берілген кредиттерге қатысты бағалауларын және есеп саясатын қайта қарады. IAS 8 стандартына сәйкес өзгеріс ретроспективті түрде жүргізілді және тиісінше салыстырмалы ақпарат қайта қаралды.

«Байтерек» Ұлттық инвестициялық (Қордың бас компаниясы) тобының есеп саясатына сәйкес әлеуметтік мәселелерді шешу үшін мемлекеттен тартылған қаражаттардың әділ құнын түзету IAS 20 «Мемлекеттік субсидияларды есепке алу және мемлекеттік көмек туралы ақпаратты ашу» стандартына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік субсидиялар өткен немесе болашақта Қордың операциялық қызметіне байланысты белгілі бір шарттарды сақтауына айырбас ретінде берілетін мемлекеттік көмек ретінде айқындалады. Нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлеме бойынша алынған қарыз (мысалы, 0,01%–1%) мемлекеттік субсидия нысаны болып саналады, өйткені ол мемлекеттік бағдарламалардан тыс қалыпты нарықтық мәміле шеңберінде қолжетімді болмайтын қаржылық пайдаларды ұсынады және қаражатты банктерде жеңілдікті шарттармен орналастыруды талап етеді. Қолайлы шарттар шағын және орта кәсіпкерліктің өсуін ынталандыру сияқты белгілі бір қалаулы әрекеттерді көтермелеуге бағытталған. Мұндай есепке алу кезінде қарыз қаражатының номиналды сомасы мен әділ құны (кредиттеу бойынша жалпы нарықтық мөлшерлемелер негізінде есептелген) арасындағы айырма мемлекеттік субсидиялар бойынша кейінге қалдырылған табыс ретінде танылады және осы бағдарламамен байланысты шығындарды өтей отырып, кредит мерзімі ішінде табысқа амортизацияланады.

Сондай-ақ қарыз қаражаттары бойынша есептің өзгеруіне байланысты Қор берілген кредиттер бойынша есепті өзгертті, өйткені қарыз қаражаттары мен берілген кредиттер арасында байланыс бар. Қор жоғарыда аталған бағдарламалар шеңберінде берілген кредиттердің әділ құнын ұқсас түрде нарықтық мөлшерлемелер негізінде есептеді.

Жоғарыда аталған өзгерістер бірыңғай есепке алуды қамтамасыз етеді және Қордың қаржылық есептілігінде және Қордың бас компаниясының есеп саясатында есеп саясаты мен қаржылық есептілік арасындағы алшақтықтарды болдырмайды. Тиісінше, Қор қайта қаралған есеп саясаты қаржылық есептіліктің негізгі пайдаланушылары үшін анағұрлым өзекті болып табылады деп санайды, өйткені қаржылық деректерді жалпы нарықтық шарттарға түзету мәмілелердің экономикалық мәнін неғұрлым дұрыс көрсетеді.

Жоғарыда аталған өзгерістердің нәтижесінде Қор қаржылық есептіліктің салыстырмалы көрсеткіштерін қайта қарады. 2024 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін қайта есептеу нәтижелері төменде берілген

<i>Мың қазақстандық теңгемен</i>	Бастапқы ұсынылған сома 2024 ж. 31 желтоқсан	Қайта жіктеу	2024 ж. 31 желтоқсандағы қайта жіктегеннен кейінгі сома
	2024 ж. 31 желтоқсан		2024 ж. 31 желтоқсан
Қаржы мекемелеріндегі қаражат	293,768,064	(21,307,086)	272,460,978
Кейінге қалдырылған салық активі	2,439,458	2,442,980	4,882,438
Қарыз қаражаты	154,845,019	(9,092,183)	145,752,836
Бөлінбеген пайда	86,863,415	(9,771,923)	77,091,492

3 Маңызды есеп саясаты (жалғасы)

2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша көрсеткіштерді ұсынуға қайта жіктеудің әсері төмендегі кестеде ұсынылған.

Мың қазақстандық теңгемен	Бастапқы ұсынылған сома	Қайта жіктеу	2024 ж. 1 қаңтардағы қайта жіктегеннен кейінгі сома
	2024 ж. 1 қаңтар		
Қаржы мекемелеріндегі қаражат	284,039,085	(20,864,140)	263,174,945
Кейінге қалдырылған салық активі	582,713	2,299,577	2,882,290
Қарыз қаражаты	148,272,206	(9,366,254)	138,905,952
Бөлінбеген пайда	86,963,526	(9,198,309)	77,765,217

Мың қазақстандық теңгемен	2024	Қайта жіктеу	2024
Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісімен есептелген пайыздық кірістер	35,665,418	5,244,451	40,909,869
Пайыздық шығыстар	(7,639,129)	(2,809,232)	(10,448,361)
Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржы активтерін тануды тоқтатудан шығыстарды шегергендегі кірістер	494,355	240,844	735,199
Қаржы құралдарын нарықтық мөлшерлемелерден төмен ставкалар бойынша бастапқы тану кезінде туындайтын таза залал	(14,556,698)	(3,393,082)	(17,949,780)
Табыс салығы бойынша шығыстар	(5,850,680)	143,404	(5,707,276)

Жоғары сипатталған өзгерістер нәтижесінде осы қаржылық есептілікке 2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы үшінші есеп енгізілген.

Қаржылық есептілікті ұсынудағы өзгерістер.

Қажет болған жерде салыстырмалы деректер ағымдағы жылдың нәтижелерін ұсынумен сәйкестендіру үшін түзетілді.

Қаржылық жағдай туралы есеп баптарын өтімділік тәртібімен ұсыну. Қорда нақты айқындалатын операциялық цикл жоқ, осыған байланысты Қор қаржылық жағдай туралы есепте айналым активтері мен ұзақ мерзімді активтерді және қысқа мерзімді міндеттемелер мен ұзақ мерзімді міндеттемелерді жеке ұсынбайды. Оның орнына активтер мен міндеттемелер өтімділік деңгейі бойынша ұсынылады. Қаржылық құралдардың күтілетін өтеу мерзімдері бойынша талдауы 23-ескертпеде келтірілген. Төмендегі кестеде 23-ескертпеде ұсынылған талдауға енгізілмеген баптар бойынша есепті кезең аяқталғаннан кейін 12 ай өткенге дейін немесе одан кейін өтелуі немесе өтелуі күтілетін сомалар туралы ақпарат ұсынылған.

(мың қазақстандық теңгемен)	2025 ж. 31 желтоқсан Өтеуге/өндіріп алуға жататын сомалар			2024 ж. 31 желтоқсан Өтеуге/өндіріп алуға жататын сомалар		
	есепті кезең аяқталған ан кейінгі 12 ай ішінде	есепті кезең аяқталған ан кейінгі 12 айдан кейін	Жиыны	есепті кезең аяқталған ан кейінгі 12 ай ішінде	есепті кезең аяқталған ан кейінгі 12 айдан кейін	Жиыны
АКТИВТЕР						
Негізгі қаражат	-	2,589,212	2,589,212	-	2,495,709	2,495,709
Материалдық емес активтер	-	296,074	296,074	-	229,715	229,715
Ағымдағы салық міндеттемелерді алдын ала төлеу	5,141,745	-	5,141,745	4,591,763	-	4,591,763
Кейінге қалдырылған салық активтері	-	14,797,473	14,797,473	-	4,882,438	4,882,438
Сатуға арналған айналымнан тыс активтер	113,352	-	113,352	131,295	-	131,295
Өзге активтер	310,420	347,118	657,538	396,220	-	396,220
МІНДЕТТЕМЕЛЕР						
Өзге міндеттемелер	902,385	-	902,385	694,467	-	694,467

4 Есеп саясатын қолданудағы маңызды бағалаулар және пайымдаулар

Қор келесі қаржы жылындағы оның есептілік сомасына және активтер мен міндеттемелердің баланстық құнына әсер ететін бағалаулар мен жорамалдар жасайды. Бағалаулар мен болжамдар басшылықтың тәжірибесіне және басқа факторларға, соның ішінде басшылық ағымдағы жағдайларды ескере отырып орынды деп есептейтін болашақ оқиғаларды күтуге негізделген тұрақты түрде қаралады. Есеп саясатын қолдану барысында басшылық кәсіби пайымдаулар мен бағалауларды да пайдаланады. Қаржылық есептілікте танылған сомаларға неғұрлым елеулі әсер ететін пайымдаулар мен келесі қаржы жылы ішінде активтер мен міндеттемелердің баланстық құнына елеулі түзетулер енгізуі мүмкін бағалаулар қамтиды:

Күтілетін кредиттік шығындарды бағалау. Қор өзінің кредиттік портфелін және қаржы мекемелеріндегі қаражатын тұрақты негізде және әрбір есепті күнге құнсыздану мәніне талдайды. Күтілетін кредиттік залалдарды бағалау - елеулі бағалау, оны алу үшін бағалау әдіснамасы, модельдер және бастапқы деректер пайдаланылады. Күтілетін кредиттік залалдарды бағалау әдіснамасының егжей-тегжейлері 23-ескертпеде көрсетілген. Мынадай компоненттер кредиттік залалдар үшін бағалау резервіне елеулі ықпал етеді: дефолтты анықтау, кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаюы, дефолт ықтималдығы, дефолт тәуекеліне ұшырау және дефолт жағдайындағы залал мөлшері, сондай-ақ макроэкономикалық сценарийлер моделі. Қор есептік күтілетін кредиттік залалдар мен кредиттер бойынша нақты залалдар арасындағы алшақтықтарды азайту мақсатында модельдер үшін модельдер мен бастапқы деректерді үнемі тексереді және растайды.

2025 және 2024 жылдары Қор банктерге берілген кредиттер бойынша макроэкономикалық айнымалыларға талдау жүргізген жоқ. Бұл макроэкономикалық айнымалылардың банктің дефолт ықтималдығына әсер етпеуімен түсіндіріледі, сондықтан макроэкономикалық факторлар 1-деңгейде бекітілді (бұл әсердің жоқтығын көрсетеді). Кредиттер мен аванстар бойынша Қор портфельдің Қор активтеріне қатысты маңызды еместігіне байланысты макроэкономикалық ауыспалылардың әсеріне талдау жүргізбейді.

Қаржы мекемелеріндегі қаражатдың сезімталдығын талдау. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша дефолтты ықтималдығын бағалаудың 10%-ға ұлғаюы немесе азаюы күтілетін кредиттік залалдар үшін резервтің қорытынды сомасының 241 042 мың теңгеге (2024 жылғы 31 желтоқсан: 273 991 мың теңгеге) ұлғаюына немесе төмендеуіне әкеледі.

Кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаюы («КТЕУ»). Кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаю фактісін анықтау үшін Қор есепті күнге қаржы құралының қолданылу мерзімі ішінде дефолттың басталу тәуекелін бастапқы тану күніне дефолттың басталу тәуекелімен салыстырады. Бағалау процесінде есепті күнгі кредиттік тәуекелдің нақты деңгейі емес, кредиттік тәуекелдің салыстырмалы ұлғаюы қаралады. Қор бірқатар факторларды, оның ішінде нақты клиенттік портфельдердің мінез-құлық аспектілерін қоса алғанда, шамадан тыс шығындар мен күш-жігерсіз қолжетімді барлық негізделген және расталған болжамды ақпаратты ескереді. Қор дефолт сәтіне дейін кредиттік тәуекелдің ұлғаюының мінез-құлық белгілерін және кредиттік тәуекелді бағалауға тиісті болжамды ақпаратты жеке құрал немесе портфель деңгейінде енгізуді айқындайды (23-ескертпе).

Егер Қаржы мекемелеріндегі барлық қорлар бойынша күтілетін кредиттік залалдар өмір бойы күтілетін кредиттік залалдар ретінде бағаланса (яғни, қазіргі уақытта 1-кезеңдегі және 12 айлық күтілетін кредиттік залал ретінде бағаланатындарды қоса алғанда), 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша күтілетін кредиттік залалдар үшін резерв 29,554,935 мың теңгеге жоғары болар еді (2024 ж. 31 желтоқсан: 5,813,386 мың теңгеге жоғары).

Қаржы құралдарын нарықтық мөлшерлемелерден төмен мөлшерлемелер бойынша бастапқы тану және байланысты тараптармен операциялар. Қор өзінің әдеттегі қызметі барысында байланысты тараптармен операциялар жүргізеді. ХҚЕС (IFRS) 9 сәйкес қаржы құралдары бастапқыда әділ құн бойынша танылуы тиіс. Мұндай операциялар үшін белсенді нарық болмаған кезде нарықтық немесе нарықтық емес пайыздық мөлшерлемелер бойынша операциялардың жүзеге асырылғанын анықтау үшін пайымдаулар пайдаланылады. Байланысты емес тараптармен операциялардың ұқсас түрлеріне баға белгілеу және тиімді пайыздық мөлшерлемені талдау пайымдау үшін негіз болып табылады. Байланысты тараптармен жасалатын операцияларға қатысты шарттар 27-ескертпеде көрсетілген.

Қор 31,012,197 мың теңге көлемінде нарықтан төмен мөлшерлемелер бойынша қаржы мекемелерінің қаражатын бастапқы тану кезінде таза шығынды мойындады (2024 жылы: 14,556,698 мың теңге залал). Бұл кредиттердің номиналды мөлшерлемесі 2%, нарықтық мөлшерлеме Қордың бағалауы бойынша 15,21%-20,58% (2024 ж.: 14,36%-15,19%) құрады. 8 және 19 ескертпелерді қараңыз

Банктерге берілген кредиттердің құнына тиімді пайыздық мөлшерлемелерді қолдану кірістер немесе залалдар туралы есепте бастапқы тану кезінде шығыстарды тануға әкелді.

4 Есеп саясатын қолданудағы маңызды бағалаулар мен пайымдаулар (жалғасы)

Берілген қаржылық кепілдіктердің әділ құны. Шағын және орта бизнесті қолдау бағдарламалары аясында Қор шағын және орта бизнес субъектілеріне кредит сомасының 85 %-ына дейін кепілдік береді. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша берілген кепілдіктер сомасы 740,056,721 мың теңгені құрады (2024 жылғы 31 желтоқсан: 463,745,973 мың теңге). Қаржылық кепілдіктер бойынша күтілетін кредиттік шығындарды есептеу үшін Қор мерзімі өткен күндер санына негізделген көші-қон матрицаларын пайдалана отырып, дефолт ықтималдығын анықтайды. Көші-қон матрицаларын құрастыру кезінде Қор Қордан кепілдік алған қарыз алушылар жұмыс істейтін салаларды ескереді және осы салалардағы дефолт тәуекелін макроэкономикалық көрсеткіштермен салыстырады. Осы талдауды жүргізу кезінде Қор мынадай макроэкономикалық көрсеткіштерді пайдаланады:

- Brent маркалы мұнайдың бағасы;
- USD/KZT валютасын айырбастау бағамы;
